

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ

БІЛІМ БЕРУ УӘЗІРЛІГІ

ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ

ИНСТИТУТЫ



Филология факультеті

Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы

5111300 – Қазақ тілі және әдебиеті бакалавр бағдарының

4 курс студенті Құрбаниязова Жанардың

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Тақырып: Тақырып: 5-6 сыныптарда пейзаждық өлең-жырларды оқытудың тиімді әдістері

Студент:

Ж. Құрбаниязова

Ғылыми жетекші:

Ғ. Мамбеткаримов

Кафедра меңгерушісі:

ф.ғ.к., доц. А. Оразымбетов

Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы мәжілісінің 2018-жыл 30-майдағы №9 протоколымен қорғауға ұсынылды.

Нөкіс- 2018

Құрбаниязова Жанардың «5-6 сыныптарда пейзаждық өлең-жырларды оқытудың тиімді әдістері» тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация комиссиясы қарарымен «____» балл (« ____» %) қойылды.

« ____ » _____ 2018-жыл

МАК хаткері:

Т.Төрткулбаева

ЖОСПАРЫ:

Кіріспе

1. ТАРАУ. 5 СЫНЫПТА ПЕЙЗАЖДЫҚ ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

1.1. 5-сыныпта пейзаждық шығармаларды оқытудың негізгі мақсат-міндеттері

1.2. 5-сыныпта пейзаждық мәтіндерді оқытудың тиімді жолдары

2. ТАРАУ. 6 СЫНЫПТА ПЕЙЗАЖДЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2.1. 6-сыныпта пейзаждық өлең-жырларды оқытудың әдіс-тәсілдері

2.2. Пейзаждық сюжетке құрылған әңгімелерді оқытудың әдістері мен тәсілдері

2.3. 6-сыныпта Ыбырай Алтынсариннің “Қыпшақ Сейіткүл” әңгімесін оқытудың бір сағаттық үлгі жоспары

ҚОРЫТЫНДЫ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

АВТОРДЫҢ АННОТАЦИЯСЫ

Тақырыптың актуальдығы: Қоғамдық ғылымдар арасында әдебиеттің алар орны ерекше. Дәуірдің тыныс мен келбетін көркем шығармада бедерлеу, сол арқылы оны таныту дәуір талабы. Қазақ жазба әдебиетінде неше алуан тақырыптарға жазылған туындыларға сан жеткізудің өзі қиын. Табиғат лирикасына қалам тербемеген ақын да жоқтың қасы. Оны оқымайтын, эстетикалық ләзат алмайтын оқырман да жоқ десек артық айтқандық болмас. Сондықтан біз осы тақырып төңірегінде зерттеу жүреізулі жөн көрдіе. Бұл шығарманың көкейтестілігін танытса керек.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттері: Мектеп оқулығына енген пейзаждық лирикаларды талдау арқылы балалардың эстетикалық сезімін биік сатыға көтеру, талғам сұлулығын жебеу. Міне, мұны 5-6 сынып оқулығына енген нақты мәтіндер арқылы талдау зерттеу объектіміз міндеті болмақ.

Зерттеу методикасы, әдістері: Тарихи салыстырмалы әдіспен қарастырылған бітірушінің бұл еңбегі әдебиеттану ғылымын игеруге, білуге баулиды. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылыми негізін басшылыққа алып, пейзаждық өлеңдердің бізді айнала қоршаған ортаны пайымдауға, табиғат сұлулығын эстетикалық тұрғыдан бағалауға, өмірге қатысын сараптау.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалықтары: Көлемді шығармалардан гөрі айтар ойын ықшамдап ұсынатын қысқа жанрлы дүниелер өтімді болып тұрған бүгінгі жаһандану заманында да эстетикалық сезімді байытатын пейзаждық өлең-жырлар өз миссиясынан жаңылмай келеді, құндылығын да азайтқан емес, Зерттеудің жаңалығы осы жаңаша көзқарас тұрғысынан талдауға ұмтылуында. Жұмыстың

құрылысы мен ізбе-ізділігі жоспарға бойсындырылған. Ол үшін қорытынды, кіріспе, пайдаланған әдебиеттерді екі тарауда айтылмақ ойдың міндеті, түйіндеуінен тыс екі тарауға біріктірілді. Пайдаланған әдебиеттер жұмысты ашу ашу үшін қолданғаны айқын. Сондықтан басы артық жұмыс іске тартылынбады.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы мен ұсынысы: Бітіру жұмысының практикалық маңыздылығы мен алға қойған ұсынысы төмендегіше. 5-6 сыныптағы пейзаждық өлеңдерді методикалық жақтан зерттеген біздің жұмысымыздағы тұжырымды ой-пікірлерді 5-6 сыныпта өтілетін қазақ әдебиеті сабағында қолдануға болады.

Жұмыстың құрылысы мен ізбе-ізділігі: Біздің жұмысымыз кіріспе бөлімі, қорытынды және пайдаланатын әдебиеттер тізімінен басқа негізгі бөлімнің үлкен екі тарауынан тұрады. Жұмыс қажетті әдебиеттерге сүйене отырып, ізбе-ізділікпен жазылды. Пайдаланған әдебиеттердегі зерттеушілердің айтқан пікірлері мен ғылыми тұжырымдарына сілтеме беріліп барылды.

Ғылыми басшы: _____ **МАМБЕТКАРИМОВ F.**

Қолы

Студент: _____ **ҚҰРБАНИЯЗОВА Ж.**

Қолы

Кіріспе

Қазіргі тәуелсіздік дәуірімізде мектепте жас ұрпақты оқыту, тәрбиелеу мәселесінде оқытушы алдына үлкен міндеттер жүктелген. Педагогикалық процесс мұғалімнің тек шәкіртіне белгілі бір пәннен сабақ беруімен шектеліп қалмайды. Егер бұлай деп түсінетін болсақ біз педагогикалық процеске біржақты қараған боламыз. Қазақ тілі және әдебиеті пәнін оқытушы мұғалімінің міндеті мен сынып оқушылары міндеті неден тұрады деген мәселе мектеп өміріндегі ең бір көкейтесті проблемалардың бірі болып келеді.

Қоғам дамуы, өркениет өрісіне орай бір де аз, бір де көп болуы мүмкін. Ал, тәрбиеден ада-күде, бойын аулақ салатын, бала тәрбиесінен тыс тұратын қоғам болмайды. Қазір біздің мемлекетімізде де бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлініп, білім беру саласында түбегейлі өзгерістер амалға асырылып жатыр. Бала тәрбиесіне қатысты оқытушылар қауымының алдына бірінші Президентіміз И. А. Каримов тәрбиеші ұстаз алдына мемлекетіміз бен қоғамымыз қойған талапты төмендегіше баяндап берген болатын: «Тәрбиеші-ұстаз болу үшін басқалардың ақыл-ойын дамыту, ағартушылық нұрын шашып, нағыз азамат қылып жетілістіру үшін ең әуелі тәрбиешінің өзі тап сондай талапты оқушыларға жауап беруі, дәл сондай ұлы парасатқа ие болуы керек» [1-3]. Шындығында мұғалім – бұл тек оқытушы ғана емес, ол баланың досы, ұстазы, екінші атасы не анасы. Ол қолынан келгенінше өз шәкірттерін ілім, білімге құмар болуға, әсіресе өз еркімен оқуға, оны өзінің қажетіне айналдыруға ерісуі керек. Ал оқушы-бұл шәкірт, ол мұғалімнен білімді қабылдаушы, ізденуші жанды объект. Ол мектепте оқып, тәрбие алып қоғамнан өз орнын табуға ұмтылушы тұлға. Келешектің иесі. Оқушы ұстазы жәрдемінде бірте-бірте сол дәрежеге жетуі керек.

Жалпы білім беретін мектепте білім қарапайымдылықтан құрамалыққа қарай берілетіні белгілі. Ал осы тұрғыдан 5-6-сыныптарда қазақтілі мен әдебиеті пәнінің оқытылуы мәселесіне назар аударсақ, оқулық құрылысы тәрбиелік мәні бар, белгілі ақын-жазушыларымыз бен халқымыздың әдеби мирастарынан тұратын әртүрлі жанр, әртүрлі тақырыптағы мәтіндерден белгілі бір әдістемелік негізде жазылаған.

Бастауыш сыныптарда балалардың айнала қоршаған ортасын, табиғаттың сұлу суреттерін, жалпы әсемдік әлемін сезінуіне, байқауына көп көңіл бөлінеді. Сондықтан оқулықтарда жылдың төрт мезгіліне байланысты пейзаждық шығармалар молынан кездеседі. Ал мұның жалғасын 5-8-сынып оқулықтарында да көруге болады. Әсіресе біз сөз еткелі отырған жылдың төрт мезгіліне байланысты пейзаждық шығармалар 5-6-сынып оқулықтарында да молынан кездеседі. Сол себепті біз өзіміздің бітіру мамандық жұмысымызда осы пейзаждық шығармаларды 5-6-сыныптарда да арасын үзбей оқыту методикасы тақырыбы төңірегінде пікір қозғап, зерттеу жүргізбекшіміз. Зерттеу барысында оқулықтарға енген пейзаждық шығармалардың балалар ой-өрісіне әсері, оларды эстетикалық талғампаздыққа тәрбиелейтін пайдалы жағын сөз етіп, зерттеу жүргізіп, осы тақырыптың жалпы білім беретін мектептерде өтілу әдістемесіне тоқталуды мақсат еттік.

Жұмысымыздың негізі екі бөлімінде пейзаждық мәтіндер мен суретті картиналарды оқытудың тиімді жолдары мен оны оқытудың методикалық ерекшеліктерін кең көлемде қамтып, оның тақырыптарына жеке-жеке тоқталып, мысалдар негізінде дәлелді пікір айтпақпыз. Әсіресе, жыл мезгілдеріне байланысты оқулықта берілген өлең-жыр, әңгімелерге кеңнен тоқталмақпыз. Және де жыл мезгілдерінің біріне бірнеше өлең-жыр мәтіндері берілсе, оларды салыстырмалы түрде өтудің тиімділігін сөз

етпекпіз. Мәселен, 5-сынып оқулығында ұлы Абайдың атақты «Қыс» өлеңі мен Мағжан Жұмабаевтің «Қысқы жолда» және Сырбай Мәуленовтың «Қысқы күн» өлеңдері берілген. Сондай-ақ 6-сыныпта Әбу Сәрсенбаевтің «Туған жер» және Мұқағали Мақатаевтің «Туған жерге» өлеңдері бар. Бұлардың барлығын да бір – бірімен салыстырмалы методта өту: біріншіден, өткен тақырыпты қайталау, еске түсіру үшін маңызды болса, екіншіден, оқушылардың сол тақырыпқа жазылған мәтіндерге салыстырмалы баға беруін, өзінше пікір шығаруын қамтамасыз етеді. Осы мақсатта біз зерттеу жұмысымыздың бірінші тарауында 5-сыныптарда пейзаждық өлең-жырларды оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қарастырсақ, екінші тарауда 6-сыныптарда пейзаждық шығармаларды оқытудың өзіндік ерекшеліктеріне тоқаталамыз.

Ал, қорытынды бөлімде пейзаждық шығармаладың тәрбиелік мәнін, жас жеткіншектерге тигізер пайдасын, оларға пейзаждық шығармалардың өмір танытарлық характерін сөз етпекшіміз.

1. ТАРАУ. 5 - СЫНЫПТА ПЕЙЗАЖДЫҚ ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

1.1. 5-6-сыныпта пейзаждық шығармаларды оқытудың негізгі мақсат-міндеттері

Қазір біздің тәуелсіз мемлекетімізде де бала тәрбиесіне назар аударылып, білім беру саласында түбегейлі өзгерістер жүргізіліп жатыр. Бала тәрбиесі күрделі процесс, бірінші Президентіміз И. А. Каримовтың айтқанындай: «Перзенттеріміздің сан-түйсігін қорғау ісінде ғылым мен білім, мәдениет салалары, шығармашылық қауымның иелейтін орны мен атқаратын қызметі барған сайын артып келеді» [1-37].

Қазақ әдебиеті идеялық – көркемдік жағынан болсын, тағырыптық – тәрбиелік жағынан болсын мемлекетіміз алға қойған талаптарға сай өркендеуде. Жалпы жастарға арналған әдебиетінің мынадай басты – басты алты ерекшелігі бар:

«Біріншіден, балалар психологиясына зерттеу жасағанда, олардың ойлау, түсіну қабілеті суреттеліп отырған оқиғаның, көркем бейненің нақтылығын, дәлдігін өз өмірінің айналасынан алуды қажет етеді.

Екіншіден, әңгімеленіп отырған оқиғаның барысында лиризм болуы шарт. Баланың ішкі дүниесіне, ой – санасына бірден әсер ететін күшті де мағыналы бейнелер алынуы керек. Балаларды өмірдің жарқын болашағына қанаттандырып, шарықтатып отыруы шарт.

Үшіншіден, жасөспірімдер әдебиетінде оқиғаны және адам характерін суреттеу әдістерінің динамикасы ерекше болады. Психологияның дәлелдеуіне қарағанда, балалар оқиғадан оқиғаның туып отыруына, олардың тез өзгеруіне, шешіміне, кейіпкерлер мінезінің жан – жақты дамуына қызығады. Одан соң оның неден шыққан себептерін іздестіре бастайды.

Төртіншіден, балалар жаратылыстың көркем көріністерін, пейзажды шебер суреттеуді ұнатады, оған сүйсініп қарайды, соны өз айналасынан іздейді. Көркем әдебиеттегі жаратылыс суреттері балалардың байқағыштық, талғампаздық қабілетін арттыра түседі. Пейзаждық сурет – эстетикалық тәрбиенің бір көрінісі.

Ал көркемдікке тәрбиелеу – баланың ақыл – есінің тез жетіліп, тез дамуына көмектесіп отырады.

Эстетикалық тәрбие көркем өнердің барлық салаларында ұлы шеберлер жасаған аса құнды мұраларды балалардың терең түсінуін, сол шығармалардан рахаттанып, рухани ләззат алуын көздейді.

Бесіншіден, жасөспірімдер әдебиеті шығармаларының мазмұны, идеясы олардың белсенділігін арттырып, өз өмірінің жарқын болашағын тануға себепкер болуға тиісті. Оларды еңбекке, ғылымға, әртүрлі мамандыққа еліктіріп, үлкен істерді орындауға дайындай білуі, соған әуестендіруі керек.

Алтыншыдан, жасөспірімдер әдебиетінің тілі ойнақы, жеңіл әрі көркем, қысқа да мейлінше түсінікті, айқын да дәл, әрі әсерлі болуға тиісті. Балалар әдебиетінің тілі олардың сөздік қорын байытуға жәрдемдесетін бірден – бір құрал» [2-35].

Міне, осы жасөспірімдер әдебиеті шығармаларына қойылатын алты талаптың қай-қайсысына да

Жасөспірімдер әдебиеті әрбір қоғамда осындай қажеттіліктен туындайды. Бірте - бірте қалыптасып, халықпен бірге бірде ілгерілеп дамып, кейде кенжелеп қалып отырады.

Қазақ әдебиеті де қазақ қоғамымен бірге туып, біте қайнасып келе жатқан рухани іргелі сала. Жасөспірімдер әдебиеті ертеректе еуропалық кейбір елдердегідей арнайы салаларға жүйеленіп жазылмауы мүмкін.

Бірақ, сол халық, сол ұлттың мол рухани қазынасына аралас жүреді. Аралас жүріп те балғын бөбек, бүлдірішін жасты сұлулыққа құштарландырып, отансүйгіштік, ерлік рухына ұмтылдыратын тәрбиелік қызметін жасай береді.

5-сынып оқушыларын мәдениетті, сауатты етіп тәрбиелеуде олардың сөйлеу тілін де, жазба тілін де дамытудың мәні зор. Осындай әрі жауапты, әрі міндетті игілікті істің барлық қиыншылығы, оқушылардың ауызша және жазбаша сауаттылығын арттыру жұмысы мектептегі әдебиет сабағының міндеті.

5-сыныптарда алғашқы күннен бастап-ақ олардың бастауыш сыныпта алған білімдері жіті сынға алынып, балаларды оқуға, жазуға үйрету дауам еттіріледі. Оқу да, жазу да тілдің жүйесіне, оның фонетика, графика, лексика, грамматика, орфография білімдеріне сүйенетін сөйлеу дағдылары. Жазбаша сөйлеу ауызшаға қарағанда қатаң, өйткені жазуда барлық қателер мен кемшіліктер көрініп тұрады. Жазбаша жұмыстардың фразаларды құрастыруда, сөз таңдауда, грамматикалық формаларды пайдалануда көптеген ерекшеліктер бар. Жазбаша сөйлеуді меңгере отырып, балалар жанр ерекшеліктерін ұғынады. Мұның барлығы балаларда өз-өзінен қалпытаспайды, оларға үйретіледі. Оқушыларға тілдің дыбыстық жағын игерту, дұрыс дыбыстау, сондай-ақ сөйлеу арқылы қатнас жасау барысында баланың мінез-құлық мәдениетінің жоғары болуын қадағалау, дұрыс сөйлеу қалпына әдеттендіру, кішіпейілділік бейне, зейін мен көзқарас мәнері, жаңа жағдайда өзін ұстауы т.б. толып жатқан мәселелер де тіл дамыту жұмыстарымен іске асады. Ал сөйлей білуге дағдыланудың негізі бастауыш сыныптарды қаланады: балалар алғаш рет осында ғана әдеби тілмен, тілдің жазбаша түрімен беттеседі, тілді жетілдірудің қажеттілігін ұғынады.

Осы жолда 5-сынып оқушыларының ой-өрісін дамытуда таңдаған пейзаждық қысқа мәтіндер мен суретті картиналар оқытушыға ауадай қажет ұтымды материал болып табылады. Баланың сана-сезімінің өсіп, мәдениетті болуы, талғампаздыққа үйренуі бірте-бірте амалға асатын ұзақ процесс. Суретті картиналар мен әсем табиғат суреттерін сөз ететін мәтіндер балалардың ойлау қабілетінің жақсаруына, оларды оқып немесе сөйлеп беру арқылы сөздік қорының молаюына жағдай жасайды.

Сондықтан 5-сыныпта табиғат сұлулығын дәріптейтін шығармалар көптен ұшырасады. Біз жұмысымыздың негізгі бөлімінде зерттеуімізді осы 5-сынып оқулықтарындағы пейзаждық шығармаларды өтудің тиімді жолын қарастырамыз.

1.2. 5-сыныпта пейзаждық мәтіндерді оқытудың тиімді жолдары

Адам өмір бойы өзінің ана тілінің байлығын меңгерумен, тілін дамытумен болады. Өзін айнала қоршаған дүниемен, адамдармен қарым-қатнас жасау қажеттігі, тілге деген мұқтажы адамды тіпті ертеде, сәби кездің өзінде-ақ басталады.

Қазақ тілін балалар сөйлеу әрекеті арқылы үйренеді. Міне сондықтан да, олардың тілін дамыту жұмыстарын да мақсатты түрде ұйымдастырып үздіксіз жүйелі жүргізу міндеті туады.

Тіл дамыту, балалардың ойын дамытумен тығыз байланысты болғандықтан, тілді меңгеру барысында бала анализ, қорытынды жасай алады, заттар мен құбылыстардың арасындағы түрлі байланыстарды бейнелей алады. Адамның дамуында, жеке басының қалыптасуында қоғамдық орта шешуші рөл атқаратындықтан баланың сөз байлығы мен сөйлеу шеберлігі көбінесе сөйлеу ортасының қандай болғандығына байланысты. Ендеше баламен сөйлесуде мұғалімдердің, ата-аналардың тіл шеберлігі, бала тіліне үлкен ілтипатпен қараушылығы орасан зор үлес атқарады.

Сөйлеу арқылы бала тек басқа адамдармен қарым-қатнас жасап қана қоймайды, сонымен бірге дүниені де таниды. Сөйлеуді меңгеру – шындықты меңгеру тәсілі. Олай болса баланың сөз байлығы оның түрлі елестерімен, ұғымына, өмір тәжірибесіне байланысты. Ендеше сөйлеуге үйрену барысында бала тек қана тілдік материалға мұқтаж болмайды, сонымен қатар негізгі материалдың да қажеттілігі күшейеді. Керісінше, тілі неғұрлым бай болса, адамның табиғат пен қоғамдағы күрделі байланыстарды дұрыс тану мүмкіндігі де соғұрлым мол болады. Ал тілі жақсы дамыған бала ойын да дәл, шебер жеткізеді, оқуды да ойдағыдай меңгереді.

Тілді балалар үлкендермен қарым-қатнас жасау барысында, сөйлеу әрекеті процесінде меңгереді дедік. Бірақ олардың тілді дұрыс меңгеруі үшін – алдымен әдеби тілді меңгеруі қажет. Әдеби тілді жай тілден, диалектіден айыра білу бала тілін дамытуға қойылатын талаптың бірі болып табылады. Бастауыш сыныптардан бастап балалар әдеби тілге, оның көркем, ғылыми және сөйлеу тілі материалдары ретінде жүйелі үйретіледі. Бастауыш сыныптарда «Оқу» сабағымен байланысатын өнер саласы – сурет өнері. Көркем әдебиет мәтіндері мен суреттің төркіндес жақын екендігі ертедегі грек мәдениеті дәуірінен-ақ белгілі болған. Соның ішінде әдебиет пен сурет өнерінің бірін-бірі айқындайтын, толықтыратын жақын жақтары көп. Осыған орай, атақты суретші Леонардо да Винчидің: «Сурет - поэзия, оны көзбен көреді, бірақ құлақпен естімейді, поэзия – сурет, оны естиді, бірақ көзбен көрмейді», - дегені қазіргі кезде қанатты сөзге айналды. Бұлардың әрқайсысының өзгешеліктері де бар. Айталық, сурет өнерінде айналадығы болмысты сол күйінде қағазға түсіре салу мақсат етілмейді. Онда суретшінің айтайын, көрсетейін деген негізгі идеясы, ойы болады. Осы жағдайды әдебиет сабағында суретті пайдаланғанда мұғалім ескергені абзал. Алдымен суретті мұғалім өзі әбден карап, түсініп алып, оны сабақтың қай кезеңінде пайдалану қажетін анықтайды. Мысалы, 5-сыныпта Иса Байзақовтың «Жазғы кеш» және «Көктем» өлеңінен кейін өткенді қайталау үшін берілген сұрақтар мен тапсырмаларды пысықтау барысында «Көктем» тақырыбына арналған суретке [5-178] байланысты шығарма жаздырса болады. 5 сыныпта сабақ өту барысында сурет өнерін пайдаланудың әдістемелік және танымдық маңызы зор. Бұл және бастауыш сыныпта машықтанған оқушылардың жаттығуына, қайта машықтануына жағдай жасайды. Әрине, сурет кез келген сабақта пайдаланыла бермейді. Ол белгілі бір әдеби шығарманың

сюжеті бойынша жасалған, не көркем шығарманың тақырыбы мен идеясымен үйлесім табатын картиналар, иллюстрациялар болуы шарт. Суреттің осындай жанрлық ерекшелігіне орай, суретті кіріспе сабақтарда, мәтінді талдау барысында, пысықтау-қорытынды сабақтарда қолдануға болады. Біздің мысалымыздағы «Көктем» тақырыбын кіріспе немесе пысықтау-қорытынды сабақтарда өтілгені жөн. Егер пысықтау-қорытынды сабағында өткерілсе жақсы нәтиже береді. Оқушылар мұғалімнің көмегімен суреттен көгілдір аспанды, жапырағы жайқалған өсімдіктер мен тау баурайындағы өзен жағалауына орналасқан ауыл үйлері, оның қасында жайылып жүрген жылқылар, ат суғаруға барған жылқышы жігітті көріп, өздерінше қорытынды жасап шығарма жұмысын жазуға кіріседі. Жалпы сыныпта берілген суретті картиналар әдебиет сабағында қолданылатын көрнекіліктен гөрі, тереңірек мәнге ие тигізер пайдасы мол қажетті материал. Алдымен ол оқушыны көркемөнерді тануға үйретеді, логикалық ойлау қабілетін дамытады, сөздік қорын молайтады және оқушы сезіміне эмоциялық әсер етеді. Әсіресе көркемөнердегі кішкентай штрихтардың негізгі идеяны танытудағы мәнін анықтайды.

Бастауыш сыныптарда балаларға жан-жақты білім берумен қатар олардың ақыл-ойын, санасын дамытуға 5-сыныпта да үлкен мән беріледі. Ал бұл міндетті орындауда балалармен жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының маңызы ерекше. Сондықтан 5-сынып оқушыларының сөздік қорын дамытуға оқу жылының басынан-ақ көңіл бөлінеді.

Оқу жылының алғашқы аптасынан-ақ мұғалім ұйымдастыру жұмыстары кезінде әңгімелеу барысында оқушыдан қойылған сұрақтарға толық жауап беруін, сөйлемді дұрыс құрап, сөздерді анық айтуын, дұрыс ырғағын келтіре сөйлеуін талап етеді. Оқушының сөздік қорын дамытуға

арналған жұмыстар осылай басталып, әрі қарай мақсатты түрде жалғастырылады.

Бала тәрбиелеу - балаға өмір жолын танытып, білім беру, сана-сезіміне қозғау салып, жан-жақты тәрбиелеу болып табылады.

Бастауыш сыныптарда поэзиялық шығармаларды өткенде лириканы оқытудың талап-талғамдарын, өлеңдерді оқытуға қойылатын шарттарды ескерген жөн. Бастауыш сыныптарда оқушылардың көбірек оқып, молырақ танысатын жанр үлгілері – лирикалық шығармалар. Лирикалық шығармалардың көлемі ықшамды, ондағы ой тұжырымды және әсерлі болып келеді.

Лирикалық шығармалардың түрлері орта мектепте салаланып алынбайды. Бірақ табиғат лирикасы яғни пейзаждық өлеңдер мен саяси-әлеуметтік лириканың жеке үлгілері оқытылады. Осы жағдайларды ескере отырып, мұғалім өзі мәнерлеп оқуы арқылы мәтін мен істелетін жұмыстарға жол ашады, шығарма мазмұнын, астарлы сырын ұғыуға жәрдемдеседі. Оқушы тарапынан қарағанда, мәнерлеп оқу көркем шығарманы талдаудың, мәтін бойынша істелген жұмыстарды жинақтап қорытудың, талдау нәтижесінде анықталған білім дағдыларды іс жүзіне асырудың көрсеткіші тәрізді.

Лирикалық шығармаларды өткенде мәнерлеп оқу түрлі дауыс бояуы арқылы шығарманың идеясын, тақырыбын беру екендігіне оқушы көзін жеткізе түсу қажет. Өлеңге арқау болған ой түйіндерін талдау арқылы түсінген, ұққан оқушыға сол идеяны, шығарманың көңіл-күйіне бере оқыса қиындық келтірмейді.

Лириканы жасанды үн, жалған ырғақпен, жай оқуға болмайды. Эпикалық шығармалар тәрізді поэзияның өзіндік ерекшелігі бар. Мәнерлеп оқу үшін оның табиғатын, өлең элементтерін – буын, бунақ, шумақ,

тармақ, ырғақ ұйқастардың қызметін оқушыларға түсіндірген жөн. Мәселен, «Өлең – еркін сөйленетін жай сөздер тіркесі емес. Ырғығы мен ұйқасы белгілі бір тәртіпке бағынған нақышты сөздер тізбегі» (11-26 б). Оның тілі жинақы, қысқа болғанымен сол шағын сөзбенен-ақ өмірде болып жатқан оқиғаларды ашып айтып тастайды, онда артық сөз болмайды.

Жалпы 5 сыныптың әдебиет оқулығында Иса Байзақовтың жоғарыда атап өтілген екі өлеңімен басқа мынандай пейзаждық өлеңдер берілген:

Ы. Алтынсариннің «Өзен», А. Құнанбаевтің «Қыс», С. Торайғыровтың «Шілде», М. Жұмабаевтің «Қысқы жолда», Қ. Аманжоловтың «Дауыл», С. Мәуленовтың «Қысқы түнде», М. Мақатаевтің «Мен таулықпын».

Көріп отырғанымыздай бұлардың ішіндегі үш өлең- А. Құнанбаевтің «Қыс», М. Жұмабаевтің «Қысқы жолда», С. Мәуленовтың «Қысқы түнде» өлеңдері жылдың бір маусымына арналған, ал Ы. Алтынсариннің «Өзен», С. Торайғыровтың «Шілде» өлеңдері жылдың басқа бір маусымына арналған болса, Қ. Аманжоловтың «Дауылы» мен М. Мақатаевтің «Мен таулықпын» өлеңдері жыл маусымдарының адам мінезіне қатысы туралы жырланады. Осылай берілген пейзаждық өлеңдерді шартты түрде ажыратып алып, оқытушы оқу жылының әуел басынан жоспарлап алуына болады. Бұл бастапқы өлеңді методиканың белгіленген әдіс-тәсілерімен өтіп, келесі өлеңді өткенде оны салыстырмалы талдауға пайдаланса өте орынды болады.

Мысалы: Ыбырай Алтынсариннің «Өзен» өлеңі өлкетану, айналадағы табиғат құбылысына құрметпен зер салуға бағытталған тәрбиелік маңызы бар, баланы әр алуан іске баулитын әсерлі шығарма. Табиғаттың мінсіз сұлулығын адам ғана түсіне алады. Шығармашылық

шабыттың қайнар көзі де теңдесі жоқ осы бір сұлулықтан, оның ерекше эстетикалық әсерінен табылмақ:

*Таулардан өзен азар сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.
Жел соқса, ыстық соқса бір қалыпты,
Аралап тау мен тасты арқыраған.*

*Көңілің суын імсең ашылады,
Дененде бар дертіңді қашырады,
Өксіген оттай жанып жануарлар
Өзеннен рақат тауып басылады.*

***Қынарда** тілсіз тұрған тоғайлары
Шуылдап желмен бірге бас ұрады...
Он мың мал айдап өтсең лай қалмайды,
Тасыса су бармаған сай қалмайды.*

*Тасыған өзен судың қуатымен
Көк шалғын шөп бітпеген жай қалмайды.
Ел қыстап күн көреді **жанабында**
Дәм болар, алуан-алуан балығында...*

*Тас-таста, алтын таста сынамаққа,
Сонда да аққан өзен қалыбында...
Құдіретін құдайымның көресің бе?
Не **нәжіс** тоқтар өзен денесінде...
Арыстан демалуға суға кірсе,*

Балықтар шымшыш ойнар терісіне...,-

деп, Ыбырай өзенді оның сұлу көріністері үшін ғана тектен-тек суреттеп отырған жоқ. Әсемдік сезімі көкірегінде ұялаған, жақсылыққа жаны құмар, эстетикалық талғамы жетілген әрбір адам табиғатты осылай қызықтайды. Адамның тіршілік тірегіне, шаруашылық экономикасына байланысты ондағы әр жақты пайдалы белгілерін көрсетіп отыр. Бұл өлеңді оқыған азамат, әсіресе жас өспірімдер жаратылыстың осындай байлықтарының көзін тауып, өзінің қажетіне жұмсай білсін, пайдасына жаратып, жайдан-жай ағып жатқан пайдасыз өзен ғой деп қарамасын дегенді ұғындырады. Сонымен қатар судың адамның қандай қажеттерін өтейтінін де саусақпен санағандай етіп, даралап көрсете білген. Бұл өлеңнің заңды жалғасы ретінде, адамдардың суды, өзенді қалай етіп өздерінің пайдасына жаратқанын Ыбырайдың «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінен де көруге болады. Мұны оқушыларға 7-сыныпта өткенде, осы «Өзен» өлеңімен байланыстыру қажеті.

Сондай-ақ Ыбырай Алтынсариннің «Өзен» атты өлеңін оқыту кезінде «Жер үстіндегі сулар» оқу фильмін пайдаланып, шығарманың идеялық мазмұнын ашу арқылы оқушылардың ой-сезіміне әсер етеді. Әңгімелесу әдісін пайдалана отырып, өзеннің адам және жан-жануарлар өміріне тигізетін пайдасы анықталады. Фильмнің көмегі арқылы еліміздегі өзендер әңгімеленеді. Ондақы әсем табиғат көзге елестейді. Оқушылар өздері білетін өзендерді айтады. Өзендердің халық шаруашылығына пайдасы әңгімеленеді. Осындай тәртіппен, әдістермен өткізілген сабақ оқушылардың Отанды, туған өлкені сүйу, табиғатты қорғап, оны гүлдендіру үшін еңбек ете білу азаматтық парызы екенін терең түсінуіне әсер ететіні анық. Бұл сабақтың тәрбиелік әсерін оқушылардың үйде жазып келген «Біздің өлке өзендері» атты шығармасынан байқауға да болады.

Оқушылар қысқаша болса да өздері білетін өзендер, оның байлығы, табиғаты, оның пайдасы, оны қорғау үшін өздері не істеп жүргенін жазу үшін тек бағыт-бағдар беру керек. Оқытушы «Өзен» өлеңін өткенде балалардың жаратылыстың көркем көріністерін, пейзажды шебер суреттеуді ұнататынын, оған сүйсініп қарайтынын, соны өз айналасынан іздейтінін ескере отырып, көркем әдебиеттегі жаратылыс суреттері балалардың байқағыштық, талғампаздық қабілетін арттыра түсетінін, көркемдікке тәрбиелеу – баланың ақыл – есінің тез жетіліп, тез дамуына көмектесіп отыратынын бір сәт те естен шығармай, осыларды басшылыққа ала отырып сабағын өтуді ұйымдастырса оның берер пайдасы тиімді болады.

Сабақ түсіндіріліп болған соң оқушыларға өтілген тақырыпты пысықтау барысында оқулықтағы: Өлеңде табиғаттың адам өмірінде атқарар жүігн қалай сипаттаған? Өлеңде қандай тамаша сөз тіркестерін қолданған? Өлеңінің мазмұнын өз сөздерімен айтып беріндер. Өздерің көрген, шомылған өзендеріңнің қандай айырмашылығы бар? Өлеңді жаттап алыңдар,-деген сұрақтарға жауап алуға болады. Мұны да ерекше епшілдікпен орындау қажет. Кей жағдайда мұғалім балаға қойған сұрағының үстіне екінші, үшінші тағы да басқа сұрақтарды қояды. Бұл дұрыс емес. Бала бірінші қойылған сұраққа ойланып, дұрыс жауап бере алу мүмкіндігіне ие болсын. Үсті-үстіне қойылған сұрақтың алғашқысына оқушы ойланып жауап бергенше, екінші, үшінші сұрақтар оның бірінші ойлаған жауабын ұмыттырып, қай мәселенің айналасында сөйлерін білмей қиналады, яки болмас бәріне атүсті жауап береді.

Мұғалім сыныпқа жалпы сұрақ қойғанда оған жауап берген оқушының ойын бөлмей, дұрыс болса да, бұрыс болса да соңына дейін тыңдауы керек. Жауап дұрыс ашылмаса, өзге оқушылардан дәл, толық жауап алуға болады.

Оқыған шығарманың (мәтіннің) сюжетін әңгімелеп айтып беруге жаттықтырудың ауызша тіл дамыту жұмыстарында үлкен мәні бар. Демек,

шығармадағы оқиғаны өз сөзімен айта білуге дағдыландыру – тіл дамыту жұмысының тиімді тәсілдерінің бірі. Жұмыстың бұл түрі 5—8-сыныптардағы әдебиет сабағында оқушылардың оқылған көркем шығарманың мазмұнын өз сөзімен жүйелі, байланысты, тартымды, мазмұнды, әдеби тіл мен сөзді дұрыс қолданып, сөйлемді, дұрыс құрап айта білу дағдысын қалыптастырады.

Мұнда біз ескеретін жәйт - әдебиет оқулық-хрестоматиясында бағдарлама бойынша өтілетін өлеңдердің мазмұнын қара сөзбен айтып берудің қиындық туғызатындығы. Сол үшін өлеңмен жазылған шығармаларды ауызша жүйелі айтып берудің үлгісін көрсетіп отыратын мұғалімнің өзі болады.

Мысалы, 5-сыныпта Ыбырай Алтынсариннің «Өзен» деген өлеңін мәнерлеп оқып, түсініксіз сөздер мен ұғымдар анықталып болған соң, оны мазмұндап айтып беру үлгісін төмендегіше келтірсек болады:

«Көктем басталысымен таулардың басындағы мұз еріп, өзендер сарқырап ағады. Өзен суы күнмен шағылысып, айнадай жалтырайды. Соққан жел немесе ыстық аптап оған әсер етпейді. Ол әрқашан тау мен тасты аралап ағып жатады.

Өзен суының пайдасы өте көп. Суы таза, мөлдір, салқын болғандықтан адам да, жануар да өзен суынан рақаттанады. Желмен бірге шуылдап, жайқалған егіндер де өзен суынан нәр алады. Суы сусыныңды қандырса, жүзіп жүрген балықтары азық болады». Оқушыларды мұндай машықтандыруды алдағы уақытта да жандандыра беру – балалардың сөздік қорын байытып, әдеби тілді меңгеруіне жол ашады. Осы «Өзен» өлеңіне атаулы сөзлем арқылы жоспар құрсақ, оның үлгісі төмендегіше болады:

1. Өзеннің ағыс көрінісі.
2. Өзен суының қасиеті.
3. Өзеннің байлығы.
4. Өзеннің елге пайдасы.

Жоспар жасауда атаулы сөйлемнің ыңғайлы екені байқалса да, оқушылардың ойын тұйыққа тіреп, көсіле сөйлеуге сөйлем таба алмайтын жәйттерге кездесуі мүмкін. Сондықтан мұғалім жоспарға кейде бірыңғай, кейде аралас түрлерін ауыстырып қолдануды үйреткені дұрыс.

Енді осы «Өзен» өлеңіне байланыстыра отырып Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Шілде» өлеңін өтуге әбден болады.

Асыл шөп, жастық шақтың иісі аңқып,
Батқандай **мелдегінен** нұрға қалқып,
Күлімдеп көктің жүзі көңілі шат:
Жауһардай күн шығар деп бізге балқып.

Көлбеңдеп көкке қарай жердің буы,
Айнадай анадайда көлдің суы.
Күй билеп суда тұрған барлық қамыс,
Ән салды домбырамен құстың шуы...

Ыңыранып қой қотанды таңды көріп,
Күн шықса, жайылысқа кетпек өріп.
Төбеттер үй алдына жаңа жатты,
Түн бойы қой күзеткен, ұйқы бөліп...,-

деген Сұлтанмахмұт жыр жолдарынан Ыбырай жырлаған өзен көрінісі көз алдымызға елестейді. Екі өлеңнің де мәтіндерін яғни өлең қатарларын салыстыра талдау жасалсау арқылы мұғалім өз шәкірттерімен біраз жетіскендікке ерісуі мүмкін.

А. Құнанбаевтің «Қыс», М. Жұмабаевтің «Қысқы жолда», С. Мәуленовтың «Қысқы түнде» өлеңдері жылдың бір маусымына арналғанын атап өткен болатынбыз.

Ұлы Абай жылдың төрт маусымын еңбек процесіне, қимыл, іс-әрекетке байланыстыра суреттеген. Ол пейзаждық көркем көрініс емес, адам өмір тіршілігімен тығыз байланысты түрде сүйкімді, нәрлі көрінеді. Сондықтан жастар Абайдың «Қыс», «Жаз», «Күз», «Жазғытұры», «Желсіз түнде жарық ай», «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай» деген өлеңдерін аса қадірлеп, сүйіп оқиды.

Табиғаттың әсем көріністерін суреттеуде қолданған Абайдың шешен тілі, сөздік құрамы, әсем теңеулері балаларды таң-тамаша етеді. Соған сүйсінеді, сүйсінерлік істен үлгі алады. «Абайдың өмірді аңсаған, өмірді баяндаған поэзиясы сиқырлап бойды алатын адамгершілік лирикасы, өмір сүйгіш жүректің арманын білдірген оның табиғат, жыл мезгілі, сұлу қыз, құс салу, ат, достық пен махаббат туралы тамаша өлеңдері – эстетикалық ләззаттың сарқылмас бұлағы» деп профессор М. Қаратаев айтқандай, жастар да Абайдың өмірлі өлеңдерінен эстетикалық ләззат, рухани азық алады.

Абайдың табиғатты өзгешелеу мәнерде суреттеген өлеңінің бірегейі – «Қыс» өлеңі. Бұл - нағыз еуропалық поэзияның классикалық үлгісінен туған өлең.

Ақ киімді денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті – басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды,-

деп Абай қысты жанды адам, шал бейнесінде суреттейді. Табиғат қысын асыл оймен астастыра бейжай, енжар жатқан қазақ даласына

қорқыныш әкелген қатал бейнеде көрсетеді. Оны дем алысы үскірік, аяз бен қар, кәрі құдаға ұқсатады. Мазасыз, сұрампаз, еселеп ала бергісі келетін кәрі құдаға теңейді. Өлеңде мал баққан қазақ тіршілігінің бейнесі шебер берілген.

Осы өлеңді 5-сыныпта [5-112] төмендегідей үлгіде өтуге болады:

Сабақтың тақырыбы: Абай Құнанбаев «Қыс»

Сабақтың мақсаты:

1) Қазақ әдебиетінің ұлы классигі, данышпан ақын Абай Құнанбаевтың «Қыс» өлеңін оқытып, оқушыларға өлеңнің мазмұнын, мағынасын ұғындыру.

2) Табиғат көрінісін жандандыра суреттеудегі ақын шеберлігін ашу.

Сабаққа қажетті құрал-жабдықтар мен көрнекіліктер:

Абайдың портреті, өлеңдер жинағы, ақын өмірі мен шығармашылығы жайлы мәліметтер жинақталған папка, қаттамалар, эпитет, теңеу, кейіптеулер жазылған плакат-қағаздар, қыс мезгілін бейнелейтін мазмұнды сурет, плеер (Немесе компьютер арқылы суреттерді де, өлеңдегі теңеу мен кейіптеулерді де, қыстың көрінісі суреттелген пейзаждық суретті де арнаулы құрылғы арқылы экранда, тақтада көрсетсе болады).

Сабақтың түрі: Жаңа тақырыпты меңгерту.

Сабақта қолданылатын әдістер:

- 1) Түсіндірмелі оқу
- 2) Баяндау әдісі
- 3) Әңгіме әдісі
- 4) Көрнекілік әдісі

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

II. Жаңа сабақ.

1) Кіріспе әңгіме.

2) Абай Құнанбаев өлеңдері қаттама бойынша әңгімелесу.

Тақтаға қыс мезгілін бейнелейтін суретті ілу.

-Осындай қысты Абай аталарың қалай суреттегенін тыңдап көрелік (манитофоннан не плеерден тыңдалады).

-Өзі соқыр, өзі мылқау кім?

-Не үшін қыс «соқыр», «мылқау» деп алынып отыр?

- Қыс суреті аяз шалдан басқа тағы кімге ұқсайды?

-Құда деп кімді айтады? (Құдаға түсініктеме беру).

-Өлең шумақтарында не жайында айтылады, осыған қандай ат қоюға болады? («Қыстың келуі»).

-Енді оқулықтағы өлең соңында берілген сұратар арқылы да оқушылар түсінігін тексеруге болады.

Қысты ақын кімге теңеп отыр?

«Аязбенен қызарып ажарланды» дегенді қалай түсінесіңдер?

Қыс қандай мезгіл?

Өлеңді жаттап алыңдар?

Бұл сұрақтар да оқушылардың тақырыпты игеруіне жәрдем береді.

III. Оқушылардың түсінігін тексеру.

Өлеңді екі – үш оқушы мәнерлеп оқиды.

-Балалар, ақын қысты адам бейнесінде суреттей келіп, «Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып», -дейді. Ұшпа – бұлт. Ұшпадай деген сөз қандай жұрнақ арқылы жасалып тұр? Осыған ұқсас –д-ай, -д-ей, жұрнағы арқылы жасалған сөз бар ма?- деген сауал қойылып, мұғалім көмегі арқылы жауабы тыңдалады.

Теңеу (Ережесін мысалдармен жаздырту).

-Енді қысты адамға ұқсататын шумақты кім тауып, оқып береді?

Кейіптеу (Ережесін мысалдармен жаздырту).

Эпитет (Ережесін мысалдармен жаздырту).

IV Сабақты бекіту.

Сергіту сәтінде «Сақина салу» ойынын ойнатса болады. Одан соң сабақты бекіту мақсатында тағы да сұрақтар қойылады.

-Кейіптеу дегеніміз не?

-Теңеу дегеніміз не?

Осы сауалдарға жауап алғаннан кейін сабақ барысында белсенділік танытқан оқушылардың білімі бағаланады. Соңынан үйге тапсырма беріледі. Өлеңді жаттап келу тапсырылады.

«Ақын неғұрлым данышпан болса, соғұрлым табиғатпен терең араласып, оны құшағына тұтас қамтып алады. Сөйтіп бізге табиғатты өмірмен барынша байланыстыра көрсетеді», - деген болатын В. Белинский.

Абай өлеңдерінде жылдың қай мезгілін суреттесе де, ол тектен-тек айтыла салынған жай жыр емес. Бұл сияқты өлеңдерді оқығанда жастар өмірмен, іспен, жаратылыстың ішкі сырымен танысады.

Ақынның табиғат лирикасы түр жағынан да, мазмұн жағынан да өзгеше. Ол өлеңдерінде ақын еліне, жеріне шексіз сүйсіне отырып, өмір шындығын кеңінен қамтып көрсетеді. Табиғат – күллі тіршілік атаулының қуатты қоныс мекені, алтын ұя, тал бесігі. Ақын өзін қоршаған табиғаттың осы бір көйін, жанды бояуын, іңкәр сәтін кінәратсыз құрметпен, ерекше ақындық шеберлікпен тереңнен қозғап, түрлі-түрлі көрінісін көз алдына әкеледі. Ақын жырларын оқыған сәтте-ақ көкірегің көріктеніп, бойыңа ыстық нұр құйылып, қаның жайлы бір ләззатқа бөленіп, делебең қозып, дүр сілкініп қаласың.

Ақын поэзиясына алғаш баға беріп, оның сырын терең ұғып, сипатын таныған Ахмет Байтұрсынов: «Не нәрсе жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармап жазады», - деп бекер айтпаса керек.

«Қыс» өлеңінде Абай жылдың осы аттас мезгілін былай суреттейді:

*Ақ киімде, денелі, ақ сақалды,
Соқыр-мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.*

*Дем алысы үскірік аяз бен қар,
Кәрі құдаң қыс келіп әлек салды.*

Адам бейнесінде суреттеп айтылған өлеңнің кішкентай осы үзіндісін оқығанда-ақ, оқушы көз алдына бірден аяз атаны елестетеді. Бұл өлең бұдан екі ғасыр бұрын жазылса да, мал шаруашылығын бұрынғыдан көп ілгерілетіп отырған біздің қазіргі тәуелсіз өмірімізбен тығыз байланысты екенін, әрқашан ұқыптылыққа, жинақтылыққа үйрететінін көреміз. Өлеңнің өміршеңдік қасиеті де осы жағында. Осы өлеңнің соңында Абай:

*Қыс пен бірге тұмсығын салды қасқыр,
Малшыларым, қор қылма итке малды.
Соныға малды жайып күзетіңдер,
Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз қамалды,-*

деп, малшыларды жігерлендіре түседі. «Жау жағадан алғанда, ит етектен тартады» дегендей, қыстың ызғырығы, боранның сұрапылымен қоса, Бер жағынан қасқырдың да шабуылы елді алаңдатып, қоятын тажал екенін сақтандыра, еске салады.

Өлеңнің ең күшті, ең құдіретті жағы да адамға сенімді арттыра сөйлеу-оны рухтандыра білудің, жігерлендіре берудің бірден-бір дұрыс

жолы, дұрыс әдісі деп білеміз. Қыстың көркем пейзаждық сипатымен бірге, оның осындай терең мазмұны бар. Балаларға арналған шығармалар жас жанды рухтандыра білетін оның қасиеттері, оларды қызықтыра білетін осындай ерекшеліктері болатынын айтқанбыз.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін жағы оның дәлдігі мен көркемдігінде. Бұл өлеңді оқығанда балалар, біріншіден, қыстың қаһарлы қысымынан сақтандыра айтылған оның ішкі мазмұнына да ой жібереді. Екіншіден, бүгінгі оқыған жастарымыз қоғамдағы мал шаруашылығын қыстан шығынсыз Аман алып шығудың амал-тәсілдерін қарастыруды ойлайды. Үшіншіден, мал шаруашылығын одан әрі өркендете беру жолында қажырлылықпен еңбек етуге үйретеді.

Абайдың «Қыс» өлеңі бойынша оқушылар сөздік дәптеріне жоғарыда (төменде де бар) біз қарамен белгілеген сөздерді және мына сөздер мен сөз тіркестерінің түсіндірмелі сөздігін жаздырып қоюдың да артықшылығы жоқ:

Абай Құнанбаев

ҚЫС

«1. Кәрі құдаң қыс келіп әлек салды. *Кәрі құда*—жасы жеткен, ұлғайған, ашуланшақ құдаға балағаны.

2. Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып. а) *Ұшпа (бұлт)* шашыранды бұлт (жеке шоқ бұлт). ә) *Оқшырайтып* — бас киімді тіктеп, шекеге қырындапта кию.

3. Аязбенен қызарып ажарланды. а) *Аяз* — қысқы ызғарлы суық, үскірік. ә) *Ажарланды* (ажар, көрік, келбет, шырай) — түрленді, әрленді, құлтырды, өңденді. Өлеңдегі «ажарланды» сөзі — әдемі, сәнді болып көрінді дегенге сай.

4. Бурадай бұрқ-сарқ етіп долданғанда. а) *Бура* — айыр түйенің шағылысқа түсетін еркегі; аталық түйе. Әдетте бура қаңтар, ақпан, наурыз

айларында ауызынан көбігін ағызып, құтырынып кетеді. Сол кезде адамға, хайуанаттардың бәріне шабуы (ұмтылуы) мүмкін. ә) **Бұрқ-сарқ ету** — ақын бұл жерде: қаһарлы қысты, қатты аязды бураға теңеп, бейнелеп отыр. в) **Долы** — ыза кернеген, булықпа, ызақор. в) **Долданған** — ашуға булығы, терісіне сыймау, ызалану.

5. Алты қанат ақ орда үй шайқалды. г) **Киіз үйге арналған әр керегені бір қанат деп айтады. Киіз үй неше керегеден құралса, сол санға байланысты 4, 5, 6 қанат деп атайды.** ә) **Алты қанат** — алты керегеден құралған киіз үй. б) **Ақ орда** — еңселі үлкен киіз үй.

6. Әуес көріп жүгірген жас балалар. **Әуес** — құмар, құштар, әуес көру — қызығу, құмарту.

7. Беті-қолы домбығып үсік шалды. **Домбығу** — дененің суыққа шалдығып ісінуі.

8. Шидем мен тон қабаттап киген малшы. **Шидем** — қойдың жабағысынан сыртын шекпенмен қаптап тігілген киім (күпі).

9. Қар тепкенге қажымас қайран жылқы. **Қар тебу** — малдың (жылқы, қой, ешкі) қарды алдыңғы аяғымен теуіп (тарпып), астындағы шөпті арышып жеуі.

10. Титығы құруына аз-ақ қалды. **Титығы құру** — күш-қуат, әл, қайраттың кемуі.

11. Қыспен бірге тырнағын салды қасқыр. **Тырнағын салды** — қасқырдың малға тиісуі, шабуы.

12. Құр жібер мына ант ұрған кәрі шалды. а) **Құр жібер** — дәм татырма, ештеңе берме ұғымында. ә) **Кәрі шал** — қыс бейнесінде алынған ұғым. б) **Ант** — серт, уәде, шарт. в) **Ант ұру** — құдай ату, уәдесінде тұрмау, айнып қалу (оңбаған).

Сабақ соңында мынадай сұрақтар мен тапсырмалар беріліп, жауап алынады:

1. Қыс туралы қандай өлеңдер мен әңгімелерді білесіңдер?
2. Қыс туралы өлеңдерді жатқа айтыңдар.
3. Қыс туралы сурет салыңдар.
4. Қыста қайда және қандай ойындар ойнайсыңдар?
5. Мұз үстінде хоккей ойнайсыңдар ма?
6. «Қыс» деген тақырып бойынша шағын шығарма жазыңдар т.б.

сұрақтар қойса болады.

Біз Абайдың «Қыс» өлеңін өтудің тиімді жолын сөз еттік. Осы өлеңді өту барысында мұғалім алдыңғы сабақта өткен «Өзен» өлеңімен салыстыра түсіндірсе балалар үшін өте қолайлы, түсінікті болар еді.

Қыстың аязды келбетін өзіндік шабытпен жырға қосқан Мағжан ақынның да «Қысқы жолда» өлеңі өзіндік ерекшелікке ие. Сондықтан бұл өлеңнің оқулықтағы толық мәтінін келтірелік:

*Қараңғы түн, сар дала,
Көрінбейді айнала.
Боран соғып тұр боран,
Жолды басқан құр сорап.
Астымдағы жануар
Құлағын қайшыландырып,
Зорға борт-борт желеді,
Ызғарлы жел долданып,
Екі иінінен дем алып,
Ішін тартып оқырып,
Кейде қатты ысқырып,
Аңдай ұлып бір мезгіл,*

*Екі санын шапақтап,
Біресе сақ-сақ күледі...
Боранын тәңір ашады,
Жол білінбей бастады,
Көрінген бір жарық жоқ,
Босаңсиды Қаракөк...
Сар далада адасып,
Суық кебін жамылып.
Қаларын кім біледі?..*

Өлең мәтіні балалар ұғымына өте сай, жаттап алуына қолайлы, тақпақ өлең үлгісінде жазылған. Мәтін соңында берілген сұрақтар мен тапсырмалар: «Өлеңді мәнерлер оқыңдар. Өлеңнің мазмұнына орай сурет салып көріңдер. Ызғарлы желді ақын қалай суреттеген. Кейіптеу тәсілін еске түсіріңдер. Өлеңнен теңеу сөздерді тауып, оның мағынасын айтып беріңдер», - деген мазмұнға ие. Мұның өзінен көрініп тұрғанлай-ақ, мұғалім осы сабақты өткенде әрі Исаның «Көктем», әрі Абайдың «Қыс», әрі Сұлтанмахмұттың «Шілде» өлеңдерімен байланыстырып өтуіне болады.

Сондай-ақ, осы «Қыс» өлеңі 5-сыныптың «Қазақ тілі» оқуылығында да берілген кез келген қыс маусымына байланыст жаттығумен байланыстыруға да болады. Бұл пәнаралық байланыс ретінде бірін-бірі толықтыратын пайдалы әдіс. Бұл балалардың бір өлеңді екі түрлі жақтан қарастыруға, екі түрлі тапсырманы орындауына мүмкіндік береді.

Ал, Сырыбай Мәуленовтың «Қысқы түн» өлеңі

*Теңселіп тентек бораннан,
Басында қатып ақ мұздақ.
Теректер көкке қадалған
Телміріп жерден андыздап.*

*Ай аспанда тағадай,
Өзендер киген көк көйлек.
Жел бір мазаң балаңдай,
Қатырған басты көп сөйлеп...,-*

деген қатарлар да қыс маусымы жырланған жоғарыдағы екі өлеңмен жымдаса байланысып тұр. Табиғат суреті бұл үш өлеңде де қыстың қытымыр аязы мен қар аралас боранының адамзатқа қандай қиындық туғызатынынан дерек беріп тұрғандай.

Ал, Қ. Аманжоловтың «Дауылы» мен М. Мақатаевтың «Мен таулықпын» өлеңдері жыл маусымдарының адам мінезіне қатысы туралы жырланады деген болатынбыз.

*Көк дауылдай кеуделі
Жігіт болдым, ер жеттім.
Мен дауылдын ұлымын,
Тұра алмаймын дауылсыз.
Қарсы алуға дайынмын,
Соқса да дауыл дамылсыз,-*

деген ақын толғанысынан тек дауылдың ғана тұлғасы емес, ақынның да өзінің өр тұлғасы байқалып тұр. Мұндай суреттеу «Мен таулықпын» өлеңінде де байқалады:

*...Мен таулықпын!
Таудан мен жаратылғам,
Бұлт бүркеніп, жсай отын ала туғам.
Күн алғашқы сәулесін маған шашып,
Маған келіп түнейді қара тұман.
Тау ұлымын,
Тау — менің дәу бесігім,*

*Мен оның әуресімін, сәулесімін.
Асқар шыңдар желтиді бесігімді
Бір орамьын ағытып сәлдесінің.
Мен—таулықпын!
Таудан мен жаратылғам.
Тау деген Ана туған — дара тұлғам.,,
... Тауға барып,
Көкке ұшып, кетсем бе екен?
Ұстап алып қыранның қанатынан.,-*

Қаншалықты пафоспен жазылған өлең десеңізші. Мұқағалидің өзіндік қолтаңбасы мен мұндалап тұр.

Сайып келгенде «Өлең – еркін сөйленетін жай сөздер тіркесі емес. Бірғығы мен ұйқасы белгілі бір тәртіпке бағынған нақышты сөздер тізбегі», -деп көрнкті сыншы Зейнолла Қабдоловтың баяндағанындай оның тілі жинақы, қысқа болғанымен сол шағын сөзбенен-ақ өмірде болып жатқан оқиғаларды ашып айтып тастайды, онда артық сөз болмайды деп жоғарыда атап өткен болатынбыз осыны ескере отырып, біз келтірген мысалдар негізінде сабақ өту мұғалімге біршама тиімді де ұтымды болады. Қала берді балаларға арналған шығармаларға қойылатын талаптардың төртіншісінде: «балалар жаратылыстың көркем көріністерін, пейзажды шебер суреттеуді ұнатады, оған сүйсініп қарайды, соны өз айналасынан іздейді. Көркем әдебиеттегі жаратылыс суреттері балалардың байқағыштық, талғампаздық қабілетін арттыра түседі. Пейзаждық сурет – эстетикалық тәрбиенің бір көрінісі. Ал көркемдікке тәрбиелеу – баланың ақыл – есінің тез жетіліп, тез дамуына көмектесіп отырады», - деп атап өтілгенін бір сәтестен шығармау керек. Сонда әрбір оқытушы сабағында сәттілікке еріседі.

2. ТАРАУ. 6-СЫНПТА ПЕЙЗАЖДЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2.1. 6-сыныпта пейзаждық өлең-жырларды оқытудың әдіс-тәсілдері.

Қазақ өлеңі-силлабикалық, яки буынға негізделген өлең. Олай болса буын мәселесі-қазақ өлеңінің құрылысын байыптаудағы басты мәселе болмақ. Силлабикалық өлең атаулының бәріндегі, оның ішінде қазақ өлеңіндегі, поэзиялық қасиеті буында жатыр. Өлеңді өлең ететін ырғақ болса, қазақ өлеңіндегі күллі ырғақ буынмен үндес. Демек, қазақ өлеңінің буынын бажайлап қарау да керек, абайлап санау да керек. Қазақ өлеңі-қашшаннан силабикалық өлең, қазірде солай. Мұндағы буын атқарар рөл бұрынғыдай. Қазақ өлеңінің мазмұны мен пішінін жеке алып зерттейтін арнаулы ғылыми еңбектердің бәрінде буын мәселесі айрықша сөз болатыны да сондықтан.

Өлеңді өлең ететін ырғақ пен қатар ұйқас екені белгілі. Ал ұйқас – өлең тармақтарындағы сөз аяқтарының үндестігі, өзара ұқсас, дыбыстас естілуі. Ұйқас-өлеңнің сыртқы түріне ғана емес, ішкі сырына тікелей қатысты нәрсе, яғни өлеңнің сыртқы сұлулығы үшін ғана емес, ішкі жылуы, қызуы үшін де ауадай қажет нәрсе.

Осындай ерекшеліктерге ие өлеңді оқытуға мұғалім ерекше көңіл бөлуі керек. 6-сыныпта туған жер тақырыбына жазылған «Туған жер» атты Ә.Сәрсенбаев пен М.Мақатаевтердің екі өлеңі берілген. Және осы клендерден соң «Лирика туралы», «Табиғат лирикасы» туралы әдеби-теориялық түсініктер келтірілген. Бұларды салыстырмалы методта оқыту мұғалімге тиімді пайда келтірері анық.

*Уа, туған жер, топырағыңнан жаралдым,
Алабыңнан арманымға нәр алдым.*

Тұнығыңнаң жүзіп іштім сендегі

Алтын арай таңғы жұпар самалдың, -

деп Ә.Сәрсенбаев туған топырағын ерекше мейірмен жырласа,
М.Мақатаев:

Таныс өлке.

Таныс аймақ,

Таныс маң,

Анау жерде - құрбылармен алысқам.

Анау жерде - құрбы жанмен табысқам.

Алба-жұлба ақша бұлттар жарысқан.

Таулар әне, ұйықтап кеткен данышпан,

Жолдар анау, шұбатылып шаңы ұшқан,

Таныс өлке, таныс аймақ, таныс маң, -

деп туған жерде өткізген балалық шағын ерекше ілтипатпен еске түсіреді.

Әбудің жырлауындағы туған жер:

Сенен артық қасиет жоқ-ты, жер, тегі.

Сен - ұрпақтың күліп атар ертеңі,

Тағдырыңды тапсыр маған, туған жер,

Көркейтуге міндеттімін мен сені.

деген қатарлармен қортындыланса, Мұқағалидің «Туған жері»:

Бір тынбайды шегірткенің шырылы,

Жел қозғаған ақ шилердің сыбыры.

Бәрі таныс - кісінеген құлыны,

Ін аузында шаңқылдаған суыры.

Айналайын

Ата мекен, ақ мекен!

Қандай қазақ іздеп сені тапты екен?!

Туған өлке тәтті екен зой, тәтті екен.

деген жолдармен қорытындыланады. Әбудің қленінде «Көкірегімнен қан төгілді жер үшін» деген сөйлемнің мағынасын оқушыларға мұғалімнің өзі түсіндіру қажет. Себебі Әбу Сәрсенбаевтің соғыстың қан майданын кешіп келген жауынгер ақын екенін балалар естімеген де болуы керек. Мұнан басқа өлеңнің мына сияқты сөздерін оқушылардың сөздік дәптеріне жасдырған жөн:

1. Алабыңнан арманыма нәр алдым. а) **Алап** — кең көлемді тегіс жер, кең алқап, өңір (жалпылық ұғымда «далаңнан» деген мағынаға жақын). ә) **Нәр алдым** — құи-әсіер, рухани қуат алдым.

2. Тұнығыңнан жүзіп іштім сендегі. Ауыспалы мағынада — кірміксіз, таза, мөлдір рухани байлығыңды емін-еркін пайдаландым деген ұғым.

3. Мен қатерге қарсы бардым сен үшін. **Қатер** — тосыннан кездескен қиындық. Тіркестегі «қатер» сөзі соғыс ұғымында алынған.

4. Көкірегімнен қан төгілді жер үшін — туған жердің амандығы үшін басын қатерге байлап, соғысқа аттанғаны, ел қорғауға қатысып, қанды майданда болғанын, уайым, қайғы-қасірет шеккенін білдіретін ұғымдар.

5. Көркейтуге міндетгімін мен сені. **Көркету** — құлпырту, көріктендіру, ажарландыру.

Лирика - көркем әдебиет жанрының бір түрі. Лириканың басты ерекшелігі - адамның көңіл-күйін, сезім дүниесін тікелей бейнелеп көрсетеді. Лирикалық шығарма өлеңмен жазылады, онда автордың немесе кейіпкердің дүниеге қатысы, көз қарасы, оның сезімін нақты ойы, көңіл-күйін суреттеу, әсерлеп бейнелеу арқылы көрсетіледі. Лириканың басқа жанрлардан айырмасы да, өзіндік артықшылығы да осында. Лирикалық шығармаларда негізінен жеке адамның көңіл-күйі, сезімі суреттеледі. Лириканың бас қаһарманы - ақынның өзі. Ақын өз жайын, өз басының мұңын, өзінің арманын, қуаныш

сезімін жыр ету арқылы халықтың тағдырын, қайғы-мұңын, күйзелісін, қуаныш-шаттығын, тілек-мақсаттарын білдіреді.

Лирика көлемі жағынан шағын болып келеді.

Ақын Әбу Сәрсенбаев:

Уа, туған жер, топырағыңнан жаралдым,

Алабыңнан арманыма нәр алдым.

Тұнығыңнан жүзіп іштім сендегі

Алтын арай таңғы жұпар самалдың, —

деп оқушыны туған жерге деген өз сезімімен ортақтастырса, ал оның «Сен құрметте оны, қарағым!» өлеңінде бабадан атаға, атадан әкеге, одан балаға мирас болар адамгершілік қасиетті бүгінгі ұрпақтың бойынан көру үміті жатыр.

Ал, табиғат лирикасы - лирика жанрының бір түрі, ақынның ішкі жан-дүниесі оның әр түрлі табиғат құбылыстарын сезінуі, бейнелеп суреттеуі арқылы танылатын өлең-жырлар. Табиғат лирикасының алғашқы белгі, нышандарын фольклорлық поэзиядан байқауға болады. Өйткені қашан да адамзат табиғатпен етене жақын. Сондықтан айнала қоршаған орта және оның түрлі жаратылыс сырлары адамның назарын өзіне аудармай қоймаған. Осындай жағдайда ақындар табиғатқа арнап лирикалық өлеңдер жазып отырған. Біреулер табиғаттың пейзаждық суреттерін жасаса, енді бір ақындар сол табиғат арқылы қоғамдық өмірді, адамның ішкі көңіл-күйін астастыра жырлаған.

Жасыл шөбің

Жұмсақ көгіңі

Жібек емей немене?

Төсімді аисам,

Көкке бассам,

Күш толар ед денеме.

Жасыл мамық,

*Асыл анық,
Түрлі кілем жайғандай.
Түрлі шашақ
Кесте жасап,
Шебер қолмен қойғандай...*

*Жасыл шөбің,
Жұмсақ көгің,
Жібек кілем демес пе?
Қызғалтақты
Сарғалдақты,
Кестесі оның емес пе?*

*Сары,
Қызыл,
Күлгін шикіл,
Көк шөп-шұбар сансыз гүл.
Түрлі кесте
Десте-десте
Көк торғындай емес пе?...*

*Қалың орман
Байлық толған.
Көлбеген көк бел - анау!
Биік тауың,
Күнде жауын,,
Аққан дария, көл-анау!..*

Мұнда ерекше ескеретін жайт: өлеңнің шумағы алты жолдан тұратыны. Сол себепті өлеңді оқығанда әр шумақтың жігін ажыратып, жолдардың соңындағы сөздердің өзара ұйқасын байқап білу қажет.

*Кеңсің, дала
Туған ана,
Көйлегің кең көк ала.
Жан беретін,
Тән беретін,
Мейірімді ана, сен ғана.*

С. Сейфуллин «Еркін дала» атты осы өлеңінде кең даланың әдемі көрінісін анаға тән қасиеттер арқылы айқындап, суреттелген. Осылай бір заттың, не құбылыстың айрықша сипатын, сапасын айқындайтын суретті сөз эпитет деп аталады. «Еркін дала» өлеңі мен әдеби теориялық ұғым-эпитетті осылай бір-біріне қатыстыпып баяндау өлең мәтіні мен теориялық ұғымның бала есінде ұзақ сақталуына жағдай жасайды.

Мысал - айтылатын өнегелі ойды тұспалдап жеткізетін, көбіне өлең түрінде келетін, сюжетті, шағын көлемді көркем шығарма. Мысалдың тақырыбы сан алуан, кейіпкерлерді аң, құс, балық, өсімдік дүниесі, кейде оқиғаға адам да қатыстырылады. Негізгі сюжетке қоса, нақыл түрінде келетін түйіндемесі де болады. Кейіпкерлерді сөйлестіруде - диалог тәсілі жиі қолданылады. Баяндауы ширақ, жинақы, тілі қарапайым келеді. Мысалы, А.Байтұрсышовтың «Қара бұлт» өлеңінде де нақыл түріндегі түйіндемесі берілген:

*Жиылып, кеңес тыңдап отырғандар,
Мұнда да гибрат бар алсаңыздар.
Бұлттай жерге жаумай, суз жауған
Қазақта іс ететін көп адамдар.
Жұмсамай тиісті орнына мол, өнерін,*

Біреулер жүреді, оған не амал бар?!-,

деп, түйіндеме жасалады. Өскен ортасына, еліне пайдасы тимейтін кейбір жандарға ақын осындай қынжылумен өкпе айтады. Бұл өлеңнің түйінделген қорытындысы, ал өлеңнің басында:

*Даланың күнге күйіп аптабы өткен,
Үстінен бұлт шықты қаптап көктен.
Қуанды шаруалар: «Я, құдайлап»...
Жерді бір суарар деп құрап кеткен.*

*Жауар деп тұрды халық үміт етіп,
Тамбастан өте шықты құр желдетіп.,
Теңізге барды да бұлт құя салды,
Далаға құрап тұрған жаумамай кетіп,-*

деген қатарлардан кара бұлттың келеңсіз де пайдасыз әрекетін суреттейтін өлең жолдарында біз автордың тұспалдап жырлаған негізгі ойын байқаймыз. Кейде осылай әуелі өлеңнің қорытынды түйінін баяндап, ондағы автордың идеясын әдеби теориялық ұғыммен байланыстыра түсіндіру де жақсы эффект береді.

6-сыныптағы пейзаждық өлең-жырлардың ең соңғысы Төлеген Айбергеновтің «Арал толқындарында» атты өлеңі. Өлеңді түсіндіруден алдын оқулықтағы жерлес ақынымыз Төлеген туралы айтқан белгілі ғалым Азиза Нұрмаханованың еске түсірулерін бәр сәт қайталап, жаңа тақырыпты алдыңғы сабақта өткен ақынның «Адамдар» атты өлеңімен сабақтастыру керек. «Арал толқындарында» өлеңін бастамас бұрын 6-сынып оқушыларының сана-сезіміне сәйкес Арал теңізінің экологиялық жай-жағдайына тоқталып өту қажет. Ақын жырлаған Арал теңізінің қазіргі таңдағы аянышты халі баяндалмаса, Мойнақ жұртымен таныс оқушы қазір мұндай теңіздің жоқ екенін айтып сұрақ беруі де мүмкін. Сондықтан өлең

Төлеген ақын өмір сүрген шақтағы Аралды, оның тулаған толқынын көріп жазғанын айту: балаларға бұрынғы және қазіргі жағдайдан хабардар болуына жағдай жасайды. Сонда оқушылар өлең мәтініндегі «Етегі-жеңі далиған, Осы ма шуға толы әлем!», - деп толғаған ақын сезімін, туған жерге деген жүрек лүпіліп байқайды. Өлеңнің соңындағы тапсырмада да «Кешегі Арал мен бүгінгі Аралды салыстырыңдар» деген сұрақ та берілген. Мұның жауабын оқушылар мұғалімнің осы кіріспе-лекциясында айтқан түсініктемеден алуы әбден мүмкін.

*Қарайтын барша құмартып,
Теңіз бе, ей, мынау тулаған!
Сыңғырлап келіп сыр айтып,
Сыпсыңдап жатыр су маған.*

*Етегі-жеңі далиған,
Осы ма шуға толы әлем!
Теңіз боп тусам дариға-ай,
Көрші кеп қонған болар ме.*

*Шаттансын жүрек нұр алып,
Әкем боп қолды бұлға сен.
Інім боп жетсең құба-құп,
Ағам боп келсең бұл да әсем.*

*Ақиығындай арқаның,
Нағашым болсаң басы аппақ.
Сый қылып саған тартамын,*

Мәрттік пен жырды қосақтап.

*Тебірен достық аты боп,
Ізгілікпенен жалғаса
Теңіздің маған жаты жоқ,
Шіріген көлдер болмаса.*

*Арманға қанат қақтырсаң,
Тас болсам да егер жұмасарам.
Шынымен теңіз боп тусаң,
Тағады кәнә кім саған.*

Көріп отырғанымыздай жырдан тек Төлеген ақынның өзіне тән қолтаңба анық байқалады. Ақын өлеңге әдейі **әке, аға, іні, нағашы** туыс атауларын қолдану арқылы туған жерге, ана отанға деген ыстық сезімді туыстық бауырмалдықпен астастыра суреттеуге тырысқан, мұнысы өте орынды да шаққан. Өлең мәтіні соңында «арал тағдыры – менің тағдырым» атты тақырыпта шағын шығарма жұмысын жазу тапсырмасы берілген. Оны үй тапсырмасына да немесе сыныптан тыс жұмыс орнына да беруге болады. Бастысы оқушыларға шығарма жұмысының жоспарын жасауға мұғалім басшылық жасауы керек.

2.2. Пейзаждық сюжетке құрылған әңгімелерді оқытудың әдістері мен тәсілдері.

6-сыныпта пейзаждық шығармалары ішінде тек өлеңдер ғана емес әңгімелерді де бар. Әңгімені оқып жаттығу кезінде оның мынадай жанрлық ерекшеліктерін ескерген жөн:

1. Әңгіменің бір не екі адамның төңірегіндегі оқиғаны баяндауға құрылған шағын қарасөзбен жазылатындығы.

2. Әңгіме оқиғасы бір, көп бегенде, екі эпизодтан тұратындығы. Мысалы, Ы.Алтынсариннің «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесінің кейіпкері – Асан мен Үсен. Олардың ойынның қызығына түсіп, жұртта қалып қоюы мен көшіп кеткен ауылды іздеп тауып алу эпизодынан тұрады.

3. Әңгіме негізінен баяндауға құрылады. Бірақ ондағы кейіпкерлердің кескін-келбеті, оны қоршаған орта, табиғат көрінісі суреттеу тәсілімен беріледі. Мысалы, «Сары ала күз еді. Күндіз қоңыр салқын. Кеш суықтау. Өзен суының сарылы алыстан естіліп тұр. Бозторғайлар жер бауырлап ұшады.

4. Әңгімеде баяндау, суреттеуге қоса кейіпкерлер сөзі – диалог аралас жүреді. Мысалы, Ы. Алтынсариннің «Таза бұлақ» әңгімесіндегі үш жолаушының бұлақ басындағы жазылған сөзге айтқан пікірлері диалог түрінде берілген.

5. Әңгімеде адамның кескін-келбеті, табиғаты, қоршаған ортаны суреттеудің, кейіпкерлердің сөзін беру жазушыға қаншалықты қаншалықты керек деп сұрақ қойып, оларды шығарма мазмұны мен идеясы үшін қажетті деталь екендігі түсіндіріледі. Өйткені олардың оқу сапасын арттыруға, сондай суреттерге мән беріп оқуға септігі мол.

6. Әңгіме кейіпкерлері көп болмайды дедік. Олар – жағымды, жағымсыз кейіпкерлер болып бөлінеді. Сонымен бірге әңгімеде негізгі кейіпкерлердің іс-әрекеттерін толықтыратын, ұшқырлап, нақтылай түсетін екінші қатардағы кейіпкерлердің де болатындығы. Оқушы назарын осындай мәселелерге дер кезінде аударып отыру арқылы мұғалім көркем шығармада қосалқы көрініс, суреттердің туынды қажетіне жарап тұрғандығын ұғындырады.

Әңгіменің осы бір белгілерін әр туындының тұсында қайталап, еске салып отырудың пайдасы зор. Ондайда оқушының жадында әңгіме, біріншіден, әдеби-теориялық ұғым ретінде қалыптасса, екіншіден, сол жанр құрамындағы сурет элементтерін дұрыс оқуға көмегін тигізеді. Сөзіміз дәлелді болу үшін бір әңгімені толық талдап, әдістемелік үлгісін көрсетелік:

6-сыныпта Ыбырай Алтынсариннің “Қыпшақ Сейітқұл” әңгімесін оқытудың бір сағаттық үлгі жоспары

«Қыпшақ Сейітқұл» атты әңгімесін өткенде [6-75] 5-сыныпта өткен «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесін оқушылардың естеріне салу, қысқаша тоқталу пәнаралық байланыс пен өткенді қайталаудың тиімді әдісі болар еді.

«Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесі көлемі жағынан өте қысқа жазылса да, мазмұны терең, күрделі істі, әлеуметтік мәселені қамтиды. Оның қызықты болатыны осындай қасиеттерінде деп түсінеміз. Дәл бүгінгі күнге дейін маңызын жоймай келе жатқаны осы себептерден деп білсек керек.

Сейітқұл деген кісі отыз үйлі жарлы-жақыбайларды қалай етсем байытамын, қалай етсем халық қатарына қосамын деген ойға қалады. Сауда етуге малы жоқ, ұры-қарылықпен күн көруге болмайды. «Жортыуыл

басы жолда қалады» деген халықтың даналық сөзі ондай жаман іске аяқ бастырмайды. Ақырында Сейітқұл тұрақты мекен іздейді. Торғай төңірегіндегі Қабырға деген өзен-судың жағасын ұнатып, сол жерді мекен етеді. Жоқшылықтың зардабын көп көрген жалаңаш-жалпыларды сол жерге көшіріп келеді де, отыз үйлі кедейлерге кетпен ұстатып, егіншілік жұмысты кәсіп етеді.

Барымтаны әдет еткен Сейітқұлдың ағасы бұл ынтымаққа көнбей, Түркістан жағында қалып қояды. Бір жерді тұрақты мекен еткен Сейітқұл ауылы бірден-бірге көтеріліп, шаруалары күйлене бастайды. Мұны көріп әрбір көшпелі елдегі жарлы-жақыбайлар жиналып, бес-алты жылдың ішінде Сейітқұл ауылы дейтін іргелі елге айналады. Шымнан биік қорған салдырып, бұл жерді шаһарға айналдырып жібереді. Мұндай ынтымаққа көнбей Түркістан жағында қалып қойған Сейітқұлдың баяғы ағасы ұрлыққа аттанып жүргенде қолға түсіп, белгісіз біреулер өлтіріп кетеді. Әңгіме Сейдалы сұлтанның айтуы бойынша- Сейітқұл дейтін кісі 1830 жылдарда өтіпті-міс деп аяқталады.

Бұл әңгімеде отырықшылық тұрмыстың артықшылығын айта келі, байларға жалданбай-ақ, өз бетімен еңбек ету арқылы да дәулетті тұрмыс құруға болатынын дәлелдейді. Екіншіден, отырықшы халықтың ынтымағы да, бірлігі де, шаруашылық экономикасы да күшті болатынын суреттейді. Үшіншіден, мәдениет пен ғылым тек отырықшы халықтарда ғана жақсы дамитынын айтады. Ыбырай шығармаларының тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін, оқушысының санасын оятып, сүйсіндіре түсетін құнды жақтары осынысында. Балалардың түсінуіне жеңіл тиетін ерекшелігі де осы тұрғыдан баяндалады. Оқытушы осылардың бәрін ескере отырып, әңгіменің мазмұнындағы қарама-қарсы қойыла суреттеліп отырған кейіпкерлерге мінездеме жасап сабағын өтсе өте тиімді болады.

Сабақ тақырыбы: “Қыпшақ Сейіткұл” әңгімесі

Жоспары:

1. Ы.Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы туралы
2. «Қыпшақ Сейіткұл» әңгімесінің тақырыбы мен идеясы
3. Кедейлердің Қабырға өзенінің бойына келіп қоныстануы
4. Отыз үйлі тобырды кедейліктен құтқару
4. Диқаншылықпен шұғылданған ел тұрмысының өркендеуі
5. Абат тұрмыс – ел тілегі

Сабақ мақсаты: Білімділік: Ыбырай Алтынсариннің «Қыпшақ Сейіткұл» әңгімесінің мазмұнын меңгерту, тақырыбы мен идеясын ашу.

Дамытушылық: оқушыларды өзінше ой түюге баулу, олардың танымдық түсінігін, тіл байлығын дамытып, сөйлеу, жазу шеберліктерін арттыру.

Тәрбиелік: оқушыларды еңбекті сүйуге, жігерлі, төзімді болуға, еңбек адамдарын құрметтеуге тәрбиелеп, «адал еңбек мұратқа жеткізеді» деген ой қорыту.

Сабақтың түрі: дәстүрлі емес

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, әңгімелеу

Сабақты дидактикалық материалдармен қамту: слайд, қосымша материалдар

Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, тарих, география

1841 жылы Қостанай облысы, Алтынсарин ауданында туған. Мұсылманша оқып, білім алған. Жастан өз зеректігімен көзге түскен.

Аса көрнекті педагог, ақын, қазақ балалар әдебиетінің негізін салған әдіскер жазушы. “Бай баласы мен жарлы баласы“, “Малды пайдаға жарату”, “Киіз үй мен ағаш үй”, “Қыпшақ Сейіткұл” әңгімелерінің авторы.

1. Сейіткұлдың ойы;

2. Қабырға өзені бойына қоныстануы;
3. Егін егуі;
4. Артық астықты малға айырбастауы;
5. Сейітқұл елінің 450 үйге жетуі;
6. Қауіпсіздік шаралары;
7. Базар ашуы;
8. Сейітқұл жұртының бай болуы.

Қабырға өзенінің бойына қоныстану. Сейітқұл отыз үй кедейді қалайша байытып, халық қатарына қосамын деп ойға қалды. Ол көп жерлерді кезіп жүріп, ақырында Торғай төсіндегі Қабырға деген өзен-судың бойына тоқтады. Сол жер-ді ұнатып қайтқан соң, қысты өткізіп, жаз уақыт-ында кедейлерді көшіріп, Қабырға бойына алып келді.

Отыз үйлі тобырды кедейліктен құтқару. Сейітқұл елімен бірге қолына кетпен алып, жер тегістеп, егін егуге кірісті. Түркістанда көрген үлгісімен судан арық қазып, егінге су жіберді. Егіні піскен соң орып, жиып алып, артығын төңірегіндегі көшпелі елге сатып, мал етті.

Отыз үйлі тобырды кедейліктен құтқару. Сейітқұл егінді жылдан-жылға күшейтіп, арық басына шығыр салып, суды шығырмен айдайды.

Астықтың артығын төңіректегі елге мал-ға айырбас етумен, бұлардың малдары көбейіп, бай болды. Мұны көріп әрбір көшпелі елдегі жарлы-жақыбайлар да келіп, Сейітқұлға қосылып, бес-алты жылда Сейітқұл елі деген төрт жүз үйге таянды.

Диканшылықтың арқасында ел тұрмысының өркендеуі. Сейітқұл жұртын жиып кеңесіп, судың бір қолайлы жеріне шымнан биік қорған салдырды, қару-жарақты қарауыл шыңдауыл жүргізеді. Малдарын реттеп бақташыға бақтырады.

Сейітқұл енді Бұхара, Қоқанға мал айдатып, ол кенттерден қазақ қолды әр түрлі тауар алдырып, жылда егін піскен уақытта манағы қорғанда жәрмеңке рәуішті базар болды.

Ыбырайдың бұл әңгімесі елінің адал перзенті Сейітқұлдың 1830 жылдардағы қазақ халқының отырықшылық тұрмысынан сыр шертеді. Әңгіме оқиғасының мерзіміне 180 жылдан астам уақыт өтсе де әлі күнге дейін өз көкейтестілігін жоғалтпаған өміршең шығарма екеніне көз жеткізуіне болады. Әрине, халық тұрмысын жақсарту, абаттандыру қай дәуірде де өзінің көкейтестілігін жоғалтқан емес. Өйткені адамзат есін жиып ер жеткен соң тұрмысын жақсартуға, өркендетуге тырысады, еңбектенеді. Мұны биылғы жылдың мысалынан да көруге болады.

Мәтін бойынша сөздік жұмысы

Отыз үйлі тобыр	-	Белгілі бір мақсатпен топтасқан ұжым
Аттаныс	-	Бір жерге бару үшін жол жүру
Барымта	-	Тартып әкету
Қарымта	-	Есе қайтару
Айырбас ету	-	Ақшасыз, материалдық өнімдерді алмасу
Жұрт ағасы	-	Көпшіліктің басшысы, ақылшысы

Сейітқұлға мінездемелік жоспар:

Сейітқұл еңбексүйгіш, алған бетінен қайтпайтын, мақсатына жету үшін аянбай еңбек ететін жан. Ол бір басын қамын ойлайтын адам емес. Бүкіл елі, жұртына, аймағына, туған туысына қамқоршы Сейітқұл еңбек ету арқасында жақсы тұрмыста жасайтынына көзі жеткен көреген кісі.

Сұрақтар мен тапсырмалар

«Ер ел үшін туады» мақалын Сейітқұлдың іс -әрекеттерімен байналыстыру

1. Жұртының келешегі үшін қайғырады
2. Жұртын Қабырға өзені бойына көшіріп апарып, еңбектенуге шақырады.
3. Отыз үйлі кедейіне кетпен беріп, егін ектіреді.
4. Егін өнімдерін сатып, малға айырбастайды.
5. Егін алқабын кеңейтіп, арық қазып, шығырмен су шығарады.
6. Елінің санын көбейтіп, дәулетін асырады.
7. Сыр көзден сақтану үшін қамал салдырып, қарауыл қояды.
8. Өз қорғанында жәрменкеге ұқсас базар аштырады.
9. Діқаншылық пен шарушылық өнімдерін айырбастап, бір жағы саудамен, бір жағы егінмен асқан бай жұртқа айналады.

«Еңбек бақытқа жеткізер»

Жоспары:

1. Еңбектенудің пайдасы.
2. Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей.
3. Еңбегі арқылы есейген ерлер.
4. Еңбек рақатқа қол жеткізер.

Мұғалім бұл шығармалардың тақырыбын, идеялық сипатын дәл тауып, шәкірттеріне мәтіндердің мазмұнын өз сөзімен баяндап берсе, баланы эстетикалық жақтан тәрбиелеудің кәусары болып табылады. Эстетикалық тәрбие көбіне ақыл тәрбиесімен тығыз байланысты. Өйткені көркемдікке тәрбиелеу – баланың ақыл есінің тез жетіліп, тез дамуына көмектесіп отырады. Мұны оқытушы бір сәт те естен шығармауы қажет.

Қорытынды

Жалпы пейзаждық шығармаларды оқыту методикасы тақырыбы төңірегінде пікір қозғап, зерттеу жүргізу, оқулықтарға енген пейзаждық шығармалардың балалар ой-өрісіне әсері, оларды эстетикалық талғампаздыққа тәрбиелейтін пайдалы жағын сөз етіу, осы тақырыптың бастауыш мектептерде өтілу әдістемесіне тоқталу арқылы біз балалардың жаратылыстың көркем көріністерін, пейзажды шебер суреттеуді ұнататынын, оған сүйсініп қарайтынын, соны өз айналасынан іздейтінін байқадық. Көркем әдебиеттегі жаратылыс суреттері балалардың байқағыштық, талғампаздық қабілетін арттыра түседі. Пейзаждық сурет – эстетикалық тәрбиенің бір көрінісі. Ал көркемдікке тәрбиелеу – баланың ақыл – есінің тез жетіліп, тез дамуына көмектесетін басты нәрсе. Эстетикалық тәрбие көркем өнердің барлық салаларында ұлы шеберлер жасаған аса құнды мұраларды балалардың терең түсінуін, сол шығармалардан рақаттанып, рухани ләззат алуын көздейді.

Жұмысымыздың негізі екі бөлімінде пейзаждық мәтіндер мен суретті картиналарды оқытудың тиімді жолдары мен оны оқытудың методикалық ерекшеліктерін кең көлемде қамтып, оның тақырыптарына жеке-жеке тоқталып, мысалдар негізінде дәлелді пікір айттық. Әсіресе, жыл мезгілдеріне байланысты оқулықта берілген өлең-жыр, әңгімелерге кеңнен тоқталдық.

Сайып келгенде пейзаждық шығармалардың тәрбиелік мәнін, жас жеткіншектерге тигізер пайдасын, оларға пейзаждық шығармалардың өмір танытарлық характерге толы жақсы материалдар.

Баланың сана-сезімінің өсіп, мәдениетті болуы, талғампаздыққа үйренуі бірте-бірте амалға асатын ұзақ процесс. Осы жолда оқулықтағы

суретті картиналар мен әсем табиғат суреттерін сөз ететін мәтіндер балалардың ойлау қабілетінің жақсаруына, оларды оқып не сөйлеп беру арқылы сөздік қорының молаюына жағдай жасайды.

Табиғаттағы сұлулық адамның еркінен тыс. Кісіні таң-тамаша қалдырып, рақатқа бөлейтін оның мінсіз сұлулығын адам ғана түсіне алады. Тек адам үшін ғана ол жасампаз еңбектің, шығармашылық шабыттың қайнар көзі болмақ. Сондықтан пейзаж суреттерін бала есіне жастайынан сіндіре беру қажет. Сонда ғана бүгінгі жас ұрпақ, еліміздің ертеңгі келешегінің тірегі болмақ. Қай заманда да азамат алдында тұратын басты міндет – есті, еңбексүйгіш, қайрымды бала тәрбиелеу. Қай халық болмасын өзінің жас ұрпағы жақсы, адал, үлкенді ізет ететін, әділ, мейірімді, ар-ожданды, ер жүрек болып өсуін қалайды.

Тәуелсіз еліміздегі саяси-әлеуметтік, экономикалық өзгерістер әсіресе, жас жеткіншектерді тәрбиелеу ісіне, олардың сана сезіміне, мінез-құлқына, ой-өрісіне ықпалын тигізіп отыр. Сапалы қоғам саналы адамымен, тәрбиелі жастарымен ғана мықты. Сондықтан болашақта белсенді қоғам мүшесін, елі-жұрты үшін жанын шүберекке түйетін азаматты яғни жас жеткіншектерді сапалы оқыту мен тәрбиелеу ең елеулі де күрделі міндеттердің бірі болмақ.

Әдебиет пәні – шәкірттерді әдеби білім дағдыларын жетілдіретін, адамгершілікке, әсемдікті сүйе, түсіне білуге тәрбиелейтін пән. Сондай-ақ бұл пән өмірді, қоғамдық құбылыстарды, сол қоғамда жасаушы адамдар мінезіндегі, іс-әрекетіндегі ерекшеліктерді, қайшылықтарды түсінуге көмектеседі. Себебі көркем әдебиет адам мінезін, оның дүниеге көзқарасын, адамгершілік қасиеттерін тәрбиелейтін, өзгерте алатын қуатты құрал.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. И.А.Каримов. «Амир-Темур бизиң ақтанышымыз», Нөкис, «Қарақалпақстан», 1997, 50-бет
2. Ахметов Ш. «Қазақ балалар әдебиеті» А-1974 ж.
3. Ахметов Ш. «Қазақ балалар әдебиеті тарихының очерктері» «Мектеп» баспасы, Алматы –19965 ж.
4. Ғабдуллин М., «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», «Мектеп» баспасы, Алматы-1994 ж.
5. Абдувалитов Е., т.б., «Әдебиет», 5-сынып оқулығы, Т-2011 ж.
6. Абдувалитов Е., т.б., «Әдебиет», 6-сынып оқулығы, Т-2013 ж.
7. Ергөбек Қ. «Мейірім шуағы», А-1985 ж.
8. Қалдыбаев Т. «Әдебиет сабақтарында тіл ұстарту» «Узбекистон» баспасы, Ташкент -1999 ж.
9. «Қазақ балалар әдебиеті антологиясы», А -1977 ж.
10. Қирабаев С.«Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері», А-1995ж.
11. Қабдолов З. «Әдебиет теориясы», А-2007 ж.
12. Қабдолов З. «Талант пен талғам», А-1983 ж.
13. Қабдолов З. «Арна», Алматы-1986 ж.
14. «Қазақстан мұғалімі» № 10, 1988 ж.
15. «Қазақстан мұғалімі» № 1, 9, 1991 ж.
16. Ред. алқасы «Дауылпаз жылдар жырлары», А-1986ж.
17. Ред. алқасы «Педагогика», Алматы «Дарын», 2004 ж.
18. Сүнішәлиев Х «Қазақ әдебиеті тарихы», А-2006 ж.
19. Ыбырайымов Б. «Ой мен сөз», Алматы-1990 ж.
20. Шапаев Т. «Ой түбінде жатқан сөз» А-1988 ж.

Электрондық білім ресурстары

1. www.tdpu.uz
2. www.pedagog.uz
3. www.Ziyonet.uz
4. www.edu.uz
5. [tdpu-INTRANET. Ped](#)

МАЗМҰНЫ	
Автордың аннотациясы.....	4
Кіріспе.....	6
1. ТАРАУ. 5 СЫНЫПТА ПЕЙЗАЖДЫҚ ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ	
1.1. 5-6-сыныпта пейзаждық шығармаларды оқытудың негізгі мақсат-міндеттері.....	9
1.2. 5-сыныпта пейзаждық мәтіндерді оқытудың тиімді жолдары.....	13
2. ТАРАУ. 6 СЫНЫПТА ПЕЙЗАЖДЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
2.1. Пейзаждық сюжетке құрылған әңгімелерді оқытудың әдістері мен тәсілдері.....	34
2.2. 6 сыныпта пейзаждық өлең-жырларды оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері.....	43
ҚОРЫТЫНДЫ	50
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	52